

**«HALYK FINANCE» АҚ, «SKYBRIDGE INVEST» АҚ, «FREEDOM FINANCE» АҚ ЖӘНЕ «BCC INVEST» АҚ IPO ШЕҢБЕРІНДЕ «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ KZ1C00001122 (KMGZ) ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНА ЖАЗЫЛУҒА ҚАТЫСУ ӨТІНІМДЕРІН ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТЕДІ**

**ЖАЗЫЛУ АРҚЫЛЫ САТЫЛАТЫН АКЦИЯЛАР ПАРАМЕТРЛЕРІ:**

Эмитенттің атауы	«ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ
Сатушының атауы	«Самұрық-Қазына» АҚ
Бағалы қағаздардың түрі	Қарапайым акциялар
Бағалы қағаздардың ISIN-i	KZ1C00001122
Тикер (активтің қысқаша атауы)	KMGZ
Жазылым арқылы сатылатын жай акциялардың саны	30 505 974 дейінгі қарапайым акцияларды қоса алғанда
Бір акцияның бағасы	8 406 теңге

**ЖАЗЫЛУ АРҚЫЛЫ САТЫЛАТЫН АКЦИЯЛАРДЫ ҰСЫНУ ТАЛАПТАРЫ:**

Бөлшек инвесторлардан (жеке тұлғалардан) өтінімдерді қабылдау кезеңінің басталатын күні мен уақыты	2022 жылғы 09 қарашада Алматы уақытымен сағат 12:00-ден бастап 2022 жылғы 10 қарашадан бастап 1 желтоқсанды қоса алғанда Алматы уақытымен сағат 09: 00-ден бастап
Бөлшек инвесторлардан (жеке тұлғалардан) өтінімдерді қабылдау кезеңінің аяқталатын күні мен уақыты	2022 жылғы 10 қарашадан бастап 1 желтоқсанды қоса алғанда - Алматы уақытымен сағат 18:00-ге дейін. 2022 жылғы 02 желтоқсанда Алматы уақытымен сағат 15:00-ге дейін <sup>1</sup> .
Институционалдық инвесторлардан (заңды тұлғалардан) өтінімдерді қабылдау кезеңінің басталатын күні мен уақыты	2022 жылғы 09 қарашада Алматы уақытымен сағат 12:00-ден бастап 2022 жылғы 10 қарашадан бастап 1 желтоқсанды қоса алғанда Алматы уақытымен сағат 09: 00-ден бастап
Институционалдық инвесторлардан (заңды тұлғалардан) өтінімдерді қабылдау кезеңінің аяқталатын күні мен уақыты	2022 жылғы 10 қарашадан бастап 1 желтоқсанды қоса алғанда Алматы уақытымен сағат 18:00-ге дейін. 2022 жылғы 30 қарашада Алматы уақытымен сағат 18:00-ге дейін.
Өтінімдерді растау кезеңі	Өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде
Нарықтық өтінімдерді қабылдау	Тек шектеулі өтінімдер қабылданады
Нарықтық өтінімдерді қабылдау	Тек шектеулі өтінімдер қабылданады
Қамтамасыз етудің жеткіліктілігін тексеру	2022 жылғы 02 желтоқсанда Алматы уақытымен сағат 11:00-ге дейін.
Өтінімдер іске қосылатын күн мен уақыты	2022 жылғы 02 желтоқсанда Алматы уақытымен сағат 11:30-ге дейін.
Сауда-саттық режимі	OK-тен

<sup>1</sup> Биржаның сауда-клирингтік жүйесінде жаңа бөлінген шот ашу депоненттің Орталық бағалы қағаздар депозитарийінде дербес шоты ашылғаннан кейінгі келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. Тиісінше, жазылымға қатысу үшін бағалы қағаздардың орталық депозитарийіндегі жаңа дербес шотты өтінімдерді қабылдау аяқталған күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей ашу қажет.

Есеп айырысуды жүзеге асыру валютасы	Қазақстан теңгесі
Өтінімдерді тексеру өлшемшарттары	<ol style="list-style-type: none"> <li>1) инвестор – жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе инвестор - заңды тұлғаның атауы;</li> <li>2) инвестор – жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе инвестор - заңды тұлғаның бизнес – сәйкестендіру нөмірі (БСН);</li> <li>3) инвестордың – жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе инвестордың-заңды тұлғаның бизнес – сәйкестендіру нөмірі (БСН);;</li> <li>4) инвестордың – жеке тұлғаның азаматтығы немесе заңнамасына сәйкес инвестор – заңды тұлғаны заңды тұлға ретінде тіркеу жүзеге асырылған мемлекет;</li> <li>5) өз өтінімін немесе клиенттік өтінімді беретін брокердің / биржа мүшесінің атауы ;</li> <li>6) Инвестор түрі: жеке тұлға немесе заңды тұлға.</li> </ol>
Сатып алушылардың өтінімдерін қанағаттандыру рәсімі аяқталғаннан кейін мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыратын ұйым	«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ
Мәмілелер жасалған күн мен уақыт	2022 жылғы 07 желтоқсанда Алматы уақытымен сағат 10:30-дан бастап
Есеп айырысуды жүзеге асыратын күн мен уақыты	2022 жылғы 07 желтоқсанда Алматы уақытымен сағат 15:30-дан бастап орталық депозитариймен операциялық күн жабылғанға дейін
Бірлескен букраннерлер (өтінім кітабын жүргізетіндер):	«Halyk Finance» АҚ, «SkyBridge Invest» АҚ, «Фридом Финанс» АҚ және «BCC Invest» АҚ

Жазылымның басқа да талаптары:

KASE мүшелері омнибус немесе шетелдік кастодиандық шоттардан өтінімдер жіберген жағдайда, бұл өтінімдерді KASE үшін белгіленген форматта инвесторлар туралы ақпарат ашылған, атап айтқанда, веб-модуль арқылы Эмитенттің талаптарына сәйкес дербес деректер ашылған жағдайда ғана KASE қабылдайды.

Акцияларды сатып алуға өтінімдерді бөлшек инвесторлар-Қазақстан Республикасының азаматтары, институционалдық инвесторлар - Қазақстан Республикасының резиденттері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резидент емес инвесторлары (бөлшек және институционалдық) беруге құқылы.

Бір өтінімге акциялардың ең аз саны: 1 (бір акция). Бір өтінімге акциялардың ең көп саны шектелмейді. Бір тұлғадан берілетін өтінімдер саны шектелмейді.

Өтінімдерді қанағаттандыру (толық немесе ішінара) «Самұрық-Қазына» АҚ-ның (және Эмитенттің) дербес қалауы бойынша тұтастай алғанда мынадай принциптер негізінде жүзеге асырылады.

1. Бөлшек инвесторлардың - Қазақстан Республикасының азаматтарының өтінімдерін қанағаттандырудың басымдығы. Осы принципке сәйкес:
  - 1) Қазақстан Республикасы азаматтарының бөлшек инвесторларының өтінімдері бірінші кезекте ұсынылатын акциялардың жалпы санынан барынша ықтимал көлемде қанағаттандырылады;
  - 2) Өзге инвесторлардың (Қазақстан Республикасының институционалдық инвесторларын-азаматтарын және резидент емес инвесторларды қоса алғанда) өтінімдері екінші кезекте

ұсынылатын акциялардың жалпы санынан барынша ықтимал көлемде, бөлшек инвесторлардың - Қазақстан Республикасының азаматтарының барлық өтінімдерінің толық көлемінде қанағаттандыру үшін қажетті акциялар саны шегерілгенде қанағаттандырылады.

2. Сатушының (және қаншалықты қолданылса Эмитенттің) пікірі бойынша Сатушының (және, мүмкін, Эмитенттің) кез келген өтінімді (толық немесе ішінара) қанағаттандырудан (оның дұрыстығы мен негізділігіне қарамастан) өз қалауы бойынша бас тартатын сөзсіз құқығы: (1) бір тұлғада немесе байланысты тұлғалар тобында акциялардың жоғары шоғырлануының туындауына; және (немесе) (2) заңнаманың қолданылатын талаптарын және (немесе) қолданылатын комплаенс рәсімдерді бұзуға алып келеді немесе алып келуі мүмкін.

Бір тұлғада немесе байланысты тұлғалар тобында акциялардың жоғары шоғырлануын тексеру мақсатында бірлескен букраннерлер қабылданған өтінімдерге мынадай қосымша өлшемшарттар бойынша тексеру жүргізеді:

- 1) көлемі Эмитенттің орналастырған жай акцияларының санынан 1% және одан көп болатын ірі өтінімдер.
- 2) бір жеке немесе заңды тұлға әртүрлі брокерлер немесе бір брокер арқылы берген және жиынтық көлемі Эмитенттің орналастырылған жай акцияларының санынан 1% немесе одан да көп болатын қайталама / көп өтінімдер.

---

Барлық сұрақтар бойынша, сондай-ақ қосымша ақпарат алу үшін бірлескен букраннерлердің келесі өкілдеріне хабарласуыңызды сұраймыз:

Halyk Finance: +7 (727) 339-43-77/88 (вн. 3373, 3327, 3356), [ib@halykfinance.kz](mailto:ib@halykfinance.kz)

SkyBridge Invest: +7 (727) 331 33 50 (ext.336), [duisenayeva@sbinvest.kz](mailto:duisenayeva@sbinvest.kz), [amirkhanovan@sbinvest.kz](mailto:amirkhanovan@sbinvest.kz)

Фридом Финанс: +7 (727) 311-10-64/65 (вн. 616, 502, 342), [ib@ffin.kz](mailto:ib@ffin.kz)

BCC Invest: +7 727 244 32 32 (вн. 39040), [ib@bcc-invest.kz](mailto:ib@bcc-invest.kz)